ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 13 желтоқсан №5265-23-00-2/3089 іс Шымкент қаласы.

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Г.Ж.Жолбарыс төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Шымкент қаласы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – РММ, Парк)

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Маржанкуль Досановна Мамешова (әрі қарай- ЖК М.Мамешова)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыппұл өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 - баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ:

«Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Шымкент қаласы бойынша департаменті» РММ-нің талап қоюы – қанағаттандырылсын.

ЖК Маржанкуль Досановна Мамешова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

ЖК Маржанкуль Досановна Мамешовадан (ЖСН 800 101 403 710) мемлекеттің пайдасына тұрақсыздық айыппұл 1523,8 (бір мың бес жүз жиырма үш теңге сегіз тиын) теңге, мемлекеттік баж салығы 1 771 (бір мың жеті жүз жетпіс бір) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 13.12.2023
Заңды күшіне енген күні: 23.01.2024, судья Жолбарыс Г. Ж., 23.01.2024
Сот өндірісі
5265-23-3-1/3480

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья Г.Жолбарыс

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 13.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 23.01.2024, судья Жолбарыс Г. Ж., 23.01.2024

5265-23-3-1/3480